

**"Home Credit Bank" АҚ ("ForteBank"
АҚ ЕБ) Директорлар Кеңесінің
Шешімімен БЕКІТІЛГЕН
27.02.2026 ж. № 8/2026 хаттама**

**«ГИБКИЙ» ӨНІМІ БОЙЫНША
БАНКТІК ДЕПОЗИТТІК СЕРТИФИКАТТАРДЫ
ШЫҒАРУ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ
ШАРТТАРЫ**

**"HOME CREDIT BANK" АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ
("FORTEBANK" АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЕНШІЛЕС БАНКІ)
(«HOME CREDIT BANK» АҚ («FORTEBANK» АҚ ЕБ))**

1. Жалпы ережелер

1. «Гибкий» өнімі бойынша банктік депозиттік сертификаттарды шығару және оларға қызмет көрсету шарттары (бұдан әрі – Шарттар) «Банктік депозиттік сертификаттарды шығару және олардың айналысы қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 264 қаулысына сәйкес әзірленді.

2. Осы Шарттарда келесі ұғымдар пайдаланылады:

1) **Банк** – "Home Credit Bank" АҚ ("ForteBank" АҚ ЕБ);

2) **Банктік депозиттік сертификат** – оны шығару талаптары үшін белгіленген айналыс мерзімі біткеннен кейін оның нақты құнын, сондай-ақ Шарт талаптарында белгіленген мөлшерде сыйақы алуға оның Ұстаушысының құқығын куәландыратын Банк шығарған эмиссиялық емес атаулы бағалы қағаз;

3) **Ұстаушы** – жеке шотында банктік депозиттік сертификат бар жеке тұлға;

4) **Шарт** – Банк пен Клиент арасында жасалатын, банктік депозиттік сертификатты шығару және өтеу талаптарын, сондай-ақ Ұстаушы мен Банктің құқықтары мен міндеттерін айқындайтын банктік депозиттік сертификаттарды сатып алу-сату шарты;

5) **Клиент** – Банкпен Шарт жасасқан немесе оны жасасуға ниет білдірген жеке тұлға;

6) **Жеке шот** – мәмілелерді тіркеу және банктік депозиттік сертификаттар бойынша құқықтарды есепке алу мақсатында Ұстаушыны сәйкестендіруге мүмкіндік беретін Банк жүйесіндегі жазбалар жиынтығы;

7) **Мобильді қосымша** – «Home Credit Bank-тің Home.kz» қосымшасы, Android, Huawei (Harmony OS) және iOS платформаларына сәйкес Google Play, Huawei AppGallery және AppStore арқылы жүктеп алуға қолжетімді, Клиентке банктік депозиттік сертификатты сатып алу мүмкіндігін береді. Мобильді қосымша арқылы банктік қызметтер көрсету тәртібі Банктегі жеке тұлғаларды банктік қызмет көрсету шартымен айқындалады;

8) **Өнім** – жасалған Шарт шеңберінде Банк пен Ұстаушының қатынастарын және банктік депозиттік сертификаттарды шығарудың және оларға қызмет көрсетудің қолданылатын шарттарын реттейтін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасымен және Банктің ішкі құжаттарымен реттелетін қаржылық параметрлердің, талаптардың, оның ішінде технологиялық операциялардың жиынтығы;

9) **Жұмыс күні** – мереке және демалыс күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында Алматы уақыты бойынша сағат 09.00-ден 17.00-ге дейінгі уақыт кезеңі. Осы уақыт аралығында Банк бұйрықтарды қабылдауды, өңдеуді, жеке шоттар бойынша операцияларды тіркеуді және банктік депозиттік сертификаттарға қызмет көрсету бойынша өзге де операцияларды жүзеге асырады. Бұл ұғым Мобильді қосымшада банктік депозиттік сертификатты сатып алу процесіне қатысты олданылмайды.

10) **Ағымдағы шот** – тиісті шартта көзделген тәртіппен және шарттар бойынша банктік операцияларды жүзеге асыру үшін Клиентке Банк ашатын операцияларды есепке алуға арналған банктік шот. Ұстаушы 7-қосымшаға сәйкес жазбаша өтініш бойынша Банк сыйақы мен банктік депозиттік сертификаттың номиналды құнын төлеуді жүзеге асыратын Ағымдағы шотты өзгертуге құқылы;

11) **UFO жүйесі** – Банктік депозиттік сертификаттарды есепке алуға арналған Банктің ақпараттық жүйесі;

12) **Дебет карточкасы** – Ағымдағы шоттағы Клиенттің өз ақшасына қол жеткізу құралы болып табылатын төлем карточкасы.

2. Банктік депозиттік сертификаттарды шығару тәртібі

3. Банктік депозиттік сертификаттарды шығару Қазақстан Республикасы заңнамасының, сондай-ақ осы Шарттардың талаптарына сәйкес құжатсыз нысанда жүзеге асырылады.

4. Депозиттік сертификаттардың номиналды құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен көрсетіледі.

5. Банк банктік депозиттік сертификатты шығарады және Ұстаушының меншігіне осы сертификатты береді, ал Ұстаушы қандай да бір ауыртпалықтан бос сертификатты қабылдайды және оның құнын төлейді. Банктік депозиттік сертификатты сатып алу-сатуды ресімдеу Банк бөлімшелерінде және/немесе мобильді қосымшада жүзеге асырылады. Мобильді қосымшада банктік депозиттік сертификатты сатып алу-сату шартын ресімдеу процесі осы Шарттардың 1-қосымшасында сипатталған. Клиент Мобильді қосымшада өтініш беру арқылы банктік депозиттік сертификаттарды Сатып алу-сату шартына (Қосылу шартына) қосылады.

Банктік депозиттік сертификатты шығару және меншікке беру рәсімі келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

1) Егер жеке тұлға күндізгі сағат 17-00-ге дейін жүгінсе, жеке тұлға Банкке жүгінген күні немесе Мобильді қосымшада банктік депозиттік сертификатты сатып алуға өтініш берген күні;

2) жеке тұлға Банкке жоғарыда көрсетілген уақыттан кеш жүгінген кезде банктік депозиттік сертификатты шығару және Ұстаушының меншігіне беру келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей жүзеге асырылады. Мобильді қосымшада банктік депозиттік сертификатты сатып алуға өтінішті тәулік бойы беруге болады.

6. Банктік депозиттік сертификатты шығару және меншікке беру рәсімі келесі кезеңдерден тұрады:

1) Клиент теңгемен Ағымдағы шот / Дебет карточкасын ашады, Ағымдағы шотқа / Дебет карточкасына банктік депозиттік сертификаттың бастапқы құны мөлшерінде ақша енгізеді;

2) Клиент пен Банк Шартқа қол қояды;

3) Шарт шеңберінде Банк Клиентке жеке шот ашады;

4) Банктің пайдасына Ағымдағы шоттан/Дебет карточкасынан банктік депозиттік сертификаттың бастапқы құны мөлшеріндегі ақша сомасы есептен шығарылады;

5) Банк банктік депозиттік сертификат шығарады және оны Ұстаушының жеке шотына аударады.

Ұстаушының банктік депозиттік сертификатқа меншік құқығы банктік депозиттік сертификат оның жеке шотына аударылғаннан кейін пайда болады.

7. Банктік депозиттік сертификатты қызмет көрсетуге қабылдау Шарт негізінде жүзеге асырылады.

8. Банктік депозиттік сертификатты Мобильді қосымшада сатып алу-сатуды ресімдеуді қоспағанда, банктік депозиттік сертификатқа қызмет көрсетуді Банк жұмыс күндері Банктің ішкі құжаттарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

9. Банк өз қалауы бойынша кез келген уақытта банктік депозиттік сертификаттарды шығаруды және сатуды тоқтата тұруға, шектеуге немесе тоқтатуға құқылы.

3. Шығарылған банктік депозиттік сертификаттарды есепке алу және мәмілелерді тіркеу тәртібі

10. Банктік депозиттік сертификаттармен мәмілелерді есепке алуды, растауды және тіркеуді Банк Банктің ішкі құжаттарына және осы Шарттарға сәйкес жүзеге асырады.

11. Банк банктік депозиттік сертификаттарға қатысты келесі операцияларды жүргізеді:

1) банктік депозиттік сертификатты жеке шотқа есептеу;

2) банктік депозиттік сертификатты өтеу;

3) банктік депозиттік сертификатты жеке шоттан есептен шығару;

4) банктік депозиттік сертификаттар бойынша кепілдің туындауын/тоқтатылуын тіркеу;

5) банктік депозиттік сертификаттар бойынша құқықты растау;

6) банктік депозиттік сертификаттар бойынша сыйақы есептеу;

7) осы Шарттарда көзделген және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін өзге де операциялар.

Банк:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осындай шешім қабылдау құқығына ие мемлекеттік органдардың және өзге де тұлғалардың шешімдері негізінде шектеулер болған;

2) Клиентте не қайталама нарықта банктік депозиттік сертификатты сатып алу-сату мәмілесі шеңберінде не өзге мәміле шеңберінде Ұстаушыдан банктік депозиттік сертификат бойынша құқықтарды сатып алған үшінші тұлғада теңгемен Ағымдағы шот/Дебет карточкасы болмаған;

3) бұйрықты ұсынған адамды сәйкестендіру мүмкін болмаған;

4) бұйрық деректемелерінің осы Шарттарда белгіленген деректемелерге немесе жеке шоттың деректемелеріне сәйкес келмеген;

5) үшінші тұлға сенімхат негізінде операция жасаған жағдайларда;

6) Банктің ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

12. Банктен банктік депозиттік сертификатты алғаш сатып алған кезде сертификатты Ұстаушының жеке шотына аудару жоғарыдағы 6-тармаққа сәйкес Шарт негізінде жүргізіледі.

Банктік депозиттік сертификатты сатып алу үшін Клиенттің міндетті түрде қолданыстағы теңгедегі Ағымдағы шоты/Дебет карточкасы болуы тиіс, ол банктік депозиттік сертификаттың бастапқы құны мөлшерінде ақша енгізу және кейіннен Банк осы соманы банктік депозиттік сертификатты төлеу есебіне аудару үшін қажет.

Банктік депозиттік сертификатқа қатысты мәмілелер жасау кезінде қайталама нарықта банктік депозиттік сертификат бойынша құқықтарды сатып алатын жеке тұлға міндетті түрде Банкте келесі әрекеттерді жүзеге асыруы қажет:

1) Банктің банктік депозиттік сертификат бойынша тиісті төлемдерді жүзеге асыруы үшін теңгемен Ағымдағы шот / Дебет карточкасын ашу;

2) Банктік депозиттік сертификат бойынша құқық беру шеңберінде "Home Credit Bank" АҚ ("ForteBank" АҚ ЕБ) банктік депозиттік сертификатты есепке жазу/есептен шығаруды тіркеу туралы бұйрық (2-қосымша).

Ағымдағы және/немесе жеке шот ашу үшін қажетті құжаттар тізбесі Банктің ішкі құжаттарымен айқындалады.

Банктік депозиттік сертификат бойынша құқықтарды басқа жеке тұлғаға беретін Ұстаушы сол құқықтарды беру шеңберінде "Home Credit Bank" АҚ ("ForteBank" АҚ ЕБ) банктік депозиттік сертификатты есепке жазу/есептен шығаруды тіркеу бұйрығын (2-қосымша) Банкте ресімдеуі қажет.

Банктік депозиттік сертификат бойынша құқықтарды беру жөніндегі операцияларды жасау үшін Ұстаушыға және банктік депозиттік сертификат бойынша құқықтарды сатып алатын басқа жеке тұлғаға Банкке жүгіну және операцияның жасалғанын растайтын құжаттарды ұсыну қажет.

Банктік депозиттік сертификат бойынша құқықтар заңды тұлғаға ауысқан кезде Банк төлеген сыйақыны шегере отырып, банктік депозиттік сертификаттың бастапқы құнының сомасын Банкте ашылған Ұстаушының Ағымдағы шотына/Дебет карточкасына не деректемелерін заңды тұлға ұсынған өзге шотқа аудару арқылы банктік депозиттік сертификатты мерзімінен бұрын өтеуді жүзеге асырады.

13. Банк жеке шоттарды 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделген бұйрықтардың және/немесе Шарттың негізінде банктік депозиттік сертификатты есепке алу мақсатында ғана ашады. Жеке шот бір банктік депозиттік сертификатты есепке алу үшін ашылады.

14. Банктік депозиттік сертификаттармен операциялар жасауға бұйрықтар жұмыс күндері Банк бөлімшелерінде ресімделеді. Банктік депозиттік сертификаттармен

операциялар жасауға бұйрықтарды Банк 3 (үш) жұмыс күні ішінде орындайды.

15. 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Ұстаушының жеке шотынан үзінді көшірме банктік депозиттік сертификатқа құқықты растау болып табылады. Ұстаушының сұрауы бойынша жұмыс күндері Банктің уәкілетті қызметкеріне жүгіну арқылы Банк өтініш жасалған күні жеке шоттан қағаз жеткізгіштегі үзінді көшірмені ұсынады.

16. Банктік депозиттік сертификаттар бойынша құқық кепілінің туындауын (бұдан әрі мәтін бойынша – кепілдің туындауы), банктік депозиттік сертификаттар бойынша құқық кепілін тоқтатуды (бұдан әрі мәтін бойынша – кепілді тоқтату) тіркеуді Банк кепіл берушінің және кепіл ұстаушының бұйрықтары негізінде жүзеге асырады.

Кепіл нысанасы болып табылатын банктік депозиттік сертификаттан өндіріп алу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Банктік депозиттік сертификаттар бойынша құқық кепілін тіркеуге бұйрық 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

Банктік депозиттік сертификаттар бойынша кепілдің туындауын тіркеу Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Бұл ретте банктік депозиттік сертификат уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес банктік депозиттік сертификаттардың айналысы тоқтатыла тұрған кезеңде кепіл нысанасы бола алмайды.

Кепілдің тоқтатылған күні Банктік депозиттік сертификаттардың айналысы тоқтатылған күні не одан кешірек белгіленуі мүмкін емес.

Банк бұрын тіркелген тиісті кепілдің туындауы болмаған кезде кепілдің тоқтатылуын тіркеуді жүзеге асырмайды.

Белгілі бір күнге кепіл берушінің жеке шоты бойынша үзінді көшірме жасалған кезде оған ауыртпалықтар туралы ақпарат та енгізіледі.

17. Жеке шот бойынша мәмілелерді тіркеуді және өзге де операцияларды жасауды тоқтата тұру және қайта бастау олар банкке келіп түскен күні Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың және осындай шешімдерді қабылдау құқығы бар өзге де тұлғалардың шешімдері негізінде жүзеге асырылады. Банк Ұстаушыға жеке шот бойынша мәмілелерді тіркеуді тоқтата тұру немесе қайта бастау туралы хабарламайды.

18. Ұстаушының жеке шоты төмендегі негіздердің кез келгені бойынша жабылуға тиіс:

- 1) осы шот бойынша банктік депозиттік сертификат есептен шығарылған күні;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда.

19. Банктік депозиттік сертификаттардың бухгалтерлік есебі Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

4. Банктік депозиттік сертификаттарға сәйкестендіру нөмірлерін беру тәртібі

20. Банкішілік сәйкестендіру және банктік депозиттік сертификаттарды есепке алуды жүйелеу мақсатында Банк банктік депозиттік сертификаттарға реттік цифрлық код түрінде сәйкестендіру нөмірлерін береді. Банктік депозиттік сертификаттарға реттік цифрлық код Банктің автоматтандырылған жүйесімен интеграцияланған UFO жүйесінде беріледі.

5. Банктік депозиттік сертификаттың бастапқы құнының минималды және максималды мөлшері

21. Банктік депозиттік сертификаттың номиналды құнының минималды және максималды мөлшері Активтерді және пассивтерді басқару комитетімен Банктің Тарифтік саясатында белгіленген шегінде анықталады. Банктік депозиттік сертификаттың бастапқы құны 1000-ға (бір мыңға) еселі болуы тиіс Бір Клиентке шығарылатын банктік депозиттік сертификаттардың саны шектелмеген.

6. Банктік депозиттік сертификат айналысының минималды және максималды мерзімі

22. Банктік депозиттік сертификаттың айналыс мерзімі Активтерді және пассивтерді

басқару комитетімен Банктің Тарифтік саясатында белгіленген шегінде анықталады.

7. Банктік депозиттік сертификаттар бойынша сыйақыны есептеу және төлеу тәртібі

23. Сыйақыны есептеу осы Шарттардың 22-тармағында көрсетілген айналыс мерзімі ішінде банктік депозиттік сертификат шығарылған күннен бастап Активтерді және пассивтерді басқару комитетімен Банктің Тарифтік саясатында белгіленген шегінде анықталған сыйақы мөлшерлемесі бойынша күнделікті жүзеге асырылады. Күнделікті сыйақы банктік депозиттік сертификаттың номиналды құнының, банктік депозиттік сертификат бойынша сыйақы мөлшерлемесінің жылдың нақты күндеріне бөлінген туындысы ретінде есептеледі. Сыйақыны есептеу үшін келесі уақытша база қолданылады: бір жылдағы нақты күндер саны/банктік депозиттік сертификат айналысының бір айдағы нақты күндер саны.

Егер Банк шешім қабылдаған күні Ұстаушының барлық банктік депозиттік сертификаттары құнының жиынтық көлемі 250 000 000 (екі жүз елу миллион) теңгеге тең немесе одан асатын болса, Ұстаушының жазбаша өтініші бойынша Банк сыйақы мөлшерлемесін Активтерді және пассивтерді басқару комитетімен Банктің Тарифтік саясатында белгіленген шегінде ұлғайту туралы шешім қабылдай алады. Осы абзацқа сәйкес сыйақы мөлшерлемесін өзгерту Банк пен Ұстаушы арасындағы жазбаша келісіммен ресімделеді. Осы абзацта көрсетілген шарттар Банкпен ерекше қатынастары бар тұлғаларға қолданылмайды.

24. Банктік депозиттік сертификат бойынша сыйақы мен номиналды құнын Банк шарттардың 12-тармағында көзделген талаптарды ескере отырып, Банктегі Ұстаушының Ағымдағы шотына/ Дебет картасына (егер сатып алу кезінде номиналды құн сомасын есептен шығару дебет картасына байланған шоттан жүргізілген болса) ақша аудару жолымен төлейді.

25. Банк банктік депозиттік сертификатты Ұстаушыдан сатып алған жағдайда банктік депозиттік сертификат бойынша есептелген және төленген сыйақы ұсталмайды.

26. Банктік депозиттік сертификат Ұстаушының талабы бойынша оның айналыс мерзімі аяқталғанға дейін мерзімінен бұрын өтелген жағдайда сыйақы төленбейді, ал осы банктік депозиттік сертификат бойынша Банк төлеген сыйақы оның номиналды құнынан ұсталады.

Банктік депозиттік сертификат мерзімінен бұрын өтелген кезде Банк төлеген сыйақы сомасын ұстап қалу, оның ішінде банктік депозиттік сертификат айналыс мерзімі ішінде банктік депозиттік сертификат бойынша құқықтар ауысқан жағдайларда толық көлемде жүргізіледі.

27. Банктік депозиттік сертификаттар бойынша өзекті сыйақы мөлшерлемелері Банктің интернет-ресурсында жарияланады және онда өзгертулерді енгізу күні, ішкі құжат нөмірі және тиісті шешімді қабылдаған Банктің органы көрсетіледі.

8. Банктік депозиттік сертификаттың бастапқы құнын төлеу шарттары мен тәртібі

28. Банктік депозиттік сертификатты айналыс мерзімі өткеннен кейін жеке шоттан есептен шығаруды Банк депозиттік сертификаттың айналыс мерзімі аяқталған күні жүргізеді.

Банк айналыс мерзімі аяқталған күннен кейінгі 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірмей Ұстаушының Ағымдағы шотына/Дебет карточкасына ақша аудару арқылы осы Шарттың 23-тармағында келтірілген номиналды құнын есептелген сыйақымен бірге төлейді (егер сатып алу кезінде номиналды құн сомасы Дебет карточкасына байланған шоттан есептен шығарылса).

29. Ұстаушының Ағымдағы шотына/Дебет карточкасына айналыс мерзімі өткеннен кейін банктік депозиттік сертификаттың бастапқы құны мен есептелген сыйақы

мөлшерінде ақша сомасын аударған сәттен бастап Банктің міндеттемелері орындалды деп есептеледі.

30. Банктік депозиттік сертификатты өтеу кезінде, оның ішінде мерзімінен бұрын өтеу кезінде, сондай-ақ Банк депозиттік сертификатты Ұстаушыдан сатып алған кезде бұйрықтар беру талап етілмейді.

31. Айналыс мерзімі аяқталғанға дейін банктік депозиттік сертификатты мерзімінен бұрын өтеу үшін Ұстаушы Шарттарға 5-қосымшада белгіленген нысан бойынша өтінішпен Банкке жүгінеді. Ұстаушы банктік депозиттік сертификатты оның айналыс мерзімі өткенге дейін мерзімінен бұрын өтеу талабымен жүгінген жағдайда, сондай-ақ Шарттардың 3-тарауының 12-тармағының соңғы абзацында көзделген талаптар басталған кезде Банк банктік депозиттік сертификаттың бастапқы құнын банктік депозиттік сертификат бойынша Банк төлеген сыйақыны шегере отырып, Ұстаушының Ағымдағы шотына/Дебет карточкасына (егер сертификатты сатып алу кезінде бастапқы құн сомасы дебет картасына байланған шоттан есептен шығарылса) төлеуді Ұстаушы жүгінген күннен бастап күнтізбелік 31 (отыз бірінші) күні жүзеге асырады.

32. Банктік депозиттік сертификаттың бастапқы құнын ішінара төлеуге жол берілмейді.

33. Банктік депозиттік сертификатты мерзімінен бұрын өтеген кезде Банктің банктік депозиттік сертификаттың бастапқы құны мөлшеріндегі ақша сомасын қайтару жөніндегі міндеттемелері осы Шарттардың ережелерін ескере отырып, Ұстаушының Ағымдағы шотына/Дебет карточкасына банктік депозиттік сертификаттың бастапқы құны мөлшеріндегі ақша сомасын аударған кезден бастап орындалған болып есептеледі.

34. Банк банктік депозиттік сертификаттардың айналыс мерзімі ішінде кез келген уақытта өз бастамасы бойынша Ұстаушылардан банктік депозиттік сертификаттарды сатып алуды жүзеге асырады. Банктік депозиттік сертификатты сатып алуды жүзеге асыру кезінде Банк банктік депозиттік сертификаттың номиналды құнын және есептелген сыйақыны Ұстаушы өтініш берген күні Ұстаушының Ағымдағы шотына/Банкте бар/ашылған дебет карточкасына қолма-қол ақшасыз нысанда ақша аудару жолымен төлеуді жүргізеді. Банктің банктік депозиттік сертификатты Ұстаушыдан ішінара сатып алуы көзделмеген. Банктік депозиттік сертификатқа ауыртпалық салынған жағдайда, Банктің оны Ұстаушыдан сатып алуы көзделмеген.

9. Тұрақсыздық айыбын төлеу тәртібі мен шарттары

35. Депозиттік сертификаттар уақтылы өтелмеген және (немесе) депозиттік сертификаттар бойынша сыйақы уақтылы төленбеген жағдайда, Банк Ұстаушыға әрбір күн үшін төленбеген соманың 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ 5%-ынан аспайтын мөлшерде тұрақсыздық айыбын төлейді. Тұрақсыздық айыбы оны Ұстаушының ағымдағы шотына/Дебет карточкасына аудару арқылы төленеді.

10. Шартқа қол қоюға уәкілетті Банк қызметкерлерінің тізбесі

36. Басқарма мүшелері, Бас бухгалтер, филиал директорлары, филиалдардың Бас бухгалтерлері, Сату бағыттарының жетекшілері, Бөлімше басшылары, бизнес дамыту жөніндегі менеджерлер,

Банктік операциялар департаментінің Заңды және жеке тұлғалармен жұмыс жасау басқармасының басшысы, банктік операциялар департаментінің фронт-офис бөлімі басшысы, супервайзерлер.

11. Банктік депозиттік сертификаттарды шығаруға байланысты өзге де талаптар

37. Банк банктік депозиттік сертификатқа шығару және қызмет көрсету кезінде Банктің тиісті ішкі құжаттарының талаптарына сәйкес қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ішкі бақылау шараларын іске

асыруды жүзеге асырады.

38. Ұстаушымен іскерлік қатынастар орнату нәтижесінде алынған ақпарат, сондай-ақ құжаттар (оның ішінде Ұстаушының жеке басын куәландыратын құжат көшірмесі, Шарт, бұйрықтар және т.б.) Банк қалыптастыратын Ұстаушының деректеріне енгізіледі.

39. Қазақстан Республикасының заңнамасына тиісті өзгерістер енгізілген жағдайда, егер мұндай өзгерістер Ұстаушылардың жағдайын нашарлатуға әкеп соқпаса, сондай-ақ Банктің Шартта көзделген өз міндеттемелерін тиісінше орындауын жоққа шығармаса, Банк банктік депозиттік сертификаттарды өтеу тәртібін біржақты тәртіппен өзгертуге құқылы.

40. Клиент/Ұстаушы Банкте ағымдағы шот ашқан кезде Банкке ұсынған дербес деректерін Банк банктік депозиттік сертификаттарды шығару және қызмет көрсету кезінде, оның ішінде мәмілелерді тіркеу үшін пайдаланады. Клиенттің/Ұстаушының дербес деректері өзгерген жағдайда оларды жаңарту Банктің ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

41. Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар үшін банктік депозиттік сертификаттар бойынша сыйақы мөлшерлемелері және оларды шығару шарттары тек Банктің қолданыстағы тарифтеріне сәйкес үлгілік шарттар негізінде қолданылады және жеке түрде өзгертілмейді.

42. Банктің Директорлар кеңесі:

- банктік депозиттік сертификаттарды шығару шарттарын өзгерту жағдайларын;
- шарттардың үлгілік нысандарын өзгерту жағдайларын;
- Директорлар кеңесі бекіткен шекті мәндерінен асатын сыйақы мөлшерлемелерін орнату жағдайларын қарастырады және бекітеді.

12. Қосымшалар тізімі

1. 1-қосымша (Банктік депозиттік сертификат бойынша құқық беру шеңберінде "Home Credit Bank" АҚ ("ForteBank" АҚ ЕБ) банктік депозиттік сертификатты есепке жазу/есептен шығаруды тіркеу туралы бұйрық);

2. 2-қосымша (Жеке шоттан үзінді көшірме);

3. 3-қосымша (Банктік депозиттік сертификаттар бойынша құқық кепілін тіркеуге бұйрық);

4. 4-қосымша (Банктік депозиттік сертификатты мерзімінен бұрын өтеуге өтініш);

5. 5-қосымша (Банктік депозиттік сертификатты мерзімінен бұрын сатып алуға өтініш);

6. 6-қосымша (Банктік депозиттік сертификат бойынша сыйақы төлемін өзгертуге өтініш).

УТВЕРЖДЕНЫ
Решением Совета директоров
АО "Home Credit Bank" (ДБ АО
"ForteBank")
протокол №8/2026 от 27.02.2026 г.

УСЛОВИЯ
ВЫПУСКА И ОБСЛУЖИВАНИЯ БАНКОВСКИХ
ДЕПОЗИТНЫХ СЕРТИФИКАТОВ ПО
ПРОДУКТУ «ГИБКИЙ»

АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО "HOME CREDIT BANK"
(ДОЧЕРНИЙ БАНК АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА "FORTEBANK")
(АО "HOME CREDIT BANK" (ДБ АО "FORTEBANK"))

г. Алматы, 2026 год

1. Общие положения

1. Настоящие Условия выпуска и обслуживания банковских депозитных сертификатов по продукту «Гибкий» (далее – Условия) разработаны в соответствии с постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 22 декабря 2017 года № 264 «Об утверждении Правил выпуска и обращения банковских депозитных сертификатов».

2. В настоящих Условиях используются следующие понятия:

1) **Банк** – АО "Home Credit Bank" (ДБ АО "Fortebank");

2) **Банковский депозитный сертификат** – неэмиссионная именная ценная бумага, выпущенная Банком, удостоверяющая права Держателя на получение по истечении установленного условиями выпуска срока обращения, ее номинальной стоимости, а также вознаграждения в соответствии с Договором;

3) **Держатель** – физическое лицо, на лицевом счете которого числится банковский депозитный сертификат;

4) **Договор** – договор купли-продажи банковских депозитных сертификатов, заключаемый между Банком и Клиентом, определяющий условия выпуска и погашения банковского депозитного сертификата, а также права и обязанности Держателя и Банка;

5) **Клиент** – физическое лицо, заключившее или намеревающееся заключить с Банком Договор;

6) **Лицевой счет** – совокупность записей, содержащихся в системе Банка, позволяющих однозначно идентифицировать Держателя с целью регистрации сделок и учета прав по банковским депозитным сертификатам;

7) **Мобильное приложение** – приложение «Home.kz от Home Credit Bank», доступное для скачивания в Google Play, Huawei AppGallery и AppStore для платформ Android, Huawei (Harmony OS) и iOS соответственно, предоставляющее Клиенту возможность приобретать банковский депозитный сертификат. Порядок предоставления банковских услуг через мобильное приложение определяется договором банковского обслуживания физических лиц в Банке;

8) **Продукт** – совокупность финансовых параметров, условий, в т.ч. технологических операций, которые регулируют отношения Банка и Держателя в рамках заключенного Договора и применяемых Условий выпуска и обслуживания банковских депозитных сертификатов, а также регулируются законодательством Республики Казахстан и внутренними документами Банка;

9) **Рабочий день** – период времени с 09.00 до 17.00 часов алматинского времени с понедельника по пятницу за исключением праздничных и выходных дней, в течение которого Банк осуществляет прием, обработку приказов, регистрацию операций по лицевым счетам и иные операции по обслуживанию банковских депозитных сертификатов. Данное понятие не распространяется на процесс оформления приобретения банковского депозитного сертификата в Мобильном приложении;

10) **Текущий счет** – банковский счет для учета операций, открываемый Банком Клиенту для осуществления банковских операций, в порядке и на условиях, предусмотренных соответствующим договором. Держатель вправе изменить Текущий счет, на который Банк будет осуществлять выплату вознаграждения и номинальной стоимости банковского депозитного сертификата по письменному заявлению согласно Приложению 7;

11) **Система UFO** – информационная система Банка, предназначенная для учета Банковских депозитных сертификатов;

12) **Дебетная карточка** – платежная карточка, являющаяся средством доступа к собственным деньгам Клиента на Текущем счете.

2. Порядок выпуска банковских депозитных сертификатов

3. Выпуск банковских депозитных сертификатов осуществляется в бездокументарной форме в соответствии с требованиями законодательства Республики Казахстан, а также настоящих Условий.

4. Номинальная стоимость депозитных сертификатов выражается в национальной валюте Республики Казахстан – тенге.

5. Банк выпускает и передает в собственность, а Держатель принимает и оплачивает свободный от каких-либо обременений банковский депозитный сертификат. Оформление купли-продажи банковского депозитного сертификата осуществляется в помещениях банка и/или в Мобильном приложении. Процесс оформления договора купли-продажи банковского депозитного сертификата в Мобильном приложении описан в Приложении 1 настоящих Условий. Клиент присоединяется к Договору купли-продажи банковских депозитных сертификатов (Договор присоединения) путем подачи заявления в Мобильном приложении.

Процедура выпуска и передачи в собственность банковского депозитного сертификата осуществляется в следующие сроки:

1) В день обращения физического лица в Банк, если физическое лицо обратилось до 17.00 часов дня или в день формирования заявления на приобретение банковского депозитного сертификата в Мобильном приложении;

2) при обращении физического лица в Банк позднее указанного выше времени выпуск и передача в собственность банковского депозитного сертификата осуществляется не позднее следующего рабочего дня. Формирование заявления на приобретение банковского депозитного сертификата через Мобильное приложение осуществляется круглосуточно.

6. Процедура выпуска и передачи в собственность банковского депозитного сертификата состоит из следующих этапов:

1) открытие Клиентом Текущего счета в тенге, Дебетной карточки в тенге, внесение на Текущий счет /Дебетную карточку денег в размере номинальной стоимости банковского депозитного сертификата;

2) подписание Договора Банком и Клиентом;

3) открытие Банком в рамках Договора лицевого счета Клиенту;

4) списание суммы денег в размере номинальной стоимости банковского депозитного сертификата с Текущего счета /Дебетной карточки в пользу Банка;

5) выпуск Банком банковского депозитного сертификата и его зачисление на лицевой счет Держателя.

Право собственности на банковский депозитный сертификат возникает у Держателя с момента зачисления банковского депозитного сертификата на его лицевой счет.

7. Прием на обслуживание банковского депозитного сертификата осуществляется на основании Договора.

8. Обслуживание банковского депозитного сертификата, за исключением оформления купли-продажи банковского депозитного сертификата в Мобильном приложении, осуществляется Банком в рабочие дни в порядке, установленном внутренними документами Банка.

9. Банк вправе в любое время по своему усмотрению приостановить, ограничить или прекратить выпуск и продажу банковских депозитных сертификатов.

3. Порядок учета выпущенных банковских депозитных сертификатов и регистрация сделок

10. Учет, подтверждение и регистрация сделок с банковскими депозитными сертификатами осуществляются Банком в соответствии с внутренними документами Банка и настоящими Условиями.

11. Банк проводит следующие операции в отношении банковских депозитных сертификатов:

1) зачисление банковского депозитного сертификата на лицевой счет;

2) погашение банковского депозитного сертификата;

- 3) списание банковского депозитного сертификата с лицевого счета;
- 4) регистрация возникновения/прекращения залога по банковским депозитным сертификатам;
- 5) подтверждение прав по банковским депозитным сертификатам;
- 6) начисление вознаграждения по банковским депозитным сертификатам;
- 7) иные операции, предусмотренные настоящими Условиями и/или не противоречащие законодательству Республики Казахстан.
- 8) Банк вправе отказаться от проведения операций при:
- 7) наличии ограничений на основании решений государственных органов и иных лиц, обладающих правом принятия таких решений в соответствии с законодательством Республики Казахстан;
- 8) отсутствии Текущего счета/Дебетной карточки в тенге у Клиента либо третьего лица, которое приобрело права по банковскому депозитному сертификату у Держателя в рамках сделки купли-продажи банковского депозитного сертификата на вторичном рынке либо в рамках иной сделки;
- 9) невозможности идентификации лица, предоставившего приказ;
- 10) несоответствия реквизитов приказа реквизитам, установленным настоящими Условиями или реквизитам лицевого счета;
- 11) в случае совершения операции третьим лицом на основании доверенности;
- 12) в иных случаях, предусмотренных внутренними документами Банка и законодательством Республики Казахстан.

12. Зачисление банковского депозитного сертификата на лицевой счет Держателя при первичном приобретении банковского депозитного сертификата у Банка производится на основании Договора в соответствии с п.6 выше.

Для приобретения банковского депозитного сертификата Клиенту в обязательном порядке необходимо наличие действующего Текущего счета/ Дебетной карточки в тенге для внесения денег в размере номинальной стоимости банковского депозитного сертификата и последующего списания данной суммы Банком в счет оплаты банковского депозитного сертификата.

При совершении сделок в отношении банковского депозитного сертификата физическому лицу, приобретающему права по банковскому депозитному сертификату на вторичном рынке, необходимо в обязательном порядке осуществить следующие действия в Банке:

- 1) открыть Текущий счет /выпустить Дебетную карточку в тенге для осуществления соответствующих выплат Банком по банковскому депозитному сертификату;
- 2) подписать Приказ на регистрацию зачисления/списания банковского депозитного сертификата в АО "Home Credit Bank" (ДБ АО "ForteBank") в рамках передачи прав по банковскому депозитному сертификату (Приложение 2).

Перечень документов, необходимых для открытия Текущего и/или лицевого счета определяется внутренними документами Банка.

Держателю, осуществляющему передачу прав по банковскому депозитному сертификату другому физическому лицу, необходимо оформить в Банке Приказ на регистрацию зачисления/списания банковского депозитного сертификата в АО "Home Credit Bank" (ДБ АО "ForteBank") в рамках передачи прав по банковскому депозитному сертификату (Приложение 2).

Для совершения операций по передаче прав по банковскому депозитному сертификату Держателю и другому физическому лицу, приобретающему права по банковскому депозитному сертификату, необходимо обратиться в Банк и предоставить документы, подтверждающие совершение операции.

При переходе прав по банковскому депозитному сертификату юридическому лицу, Банк осуществляет досрочное погашение банковского депозитного сертификата путем перевода суммы номинальной стоимости банковского депозитного сертификата за вычетом

выплаченного Банком вознаграждения на Текущий счет Держателя/Дебетную карточку, открытый (-ую) в Банке либо иной счет, реквизиты которого будут предоставлены юридическим лицом.

13. Лицевые счета открываются Банком на основании приказов, оформленных по форме в соответствии с Приложением 2, и/или Договора исключительно в целях учета банковского депозитного сертификата. Лицевой счет открывается для учета одного банковского депозитного сертификата.

14. Приказы на совершение операций с банковскими депозитными сертификатами оформляются в помещениях Банка в рабочие дни. Приказы на совершение операций с банковскими депозитными сертификатами исполняются Банком в течение 3 (трех) рабочих дней.

15. Подтверждением права на банковский депозитный сертификат является выписка с лицевого счета Держателя по форме в соответствии с Приложением 3. По запросу Держателя путем обращения к уполномоченному работнику Банка в рабочие дни Банк предоставляет выписки с лицевого счета на бумажном носителе в день обращения.

16. Регистрация возникновения залога прав по банковским депозитным сертификатам (далее по тексту – возникновение залога), прекращения залога прав по банковским депозитным сертификатам (далее по тексту – прекращение залога) осуществляется Банком на основании приказов залогодателя и залогодержателя.

Обращение взыскания на Банковский депозитный сертификат, являющийся предметом залога, осуществляется в порядке, установленном законодательством Республики Казахстан.

Приказ на регистрацию залога прав по банковским депозитным сертификатам предоставляется по форме согласно Приложению 4.

Регистрация возникновения залога по банковским депозитным сертификатам осуществляется в соответствии с внутренними документами Банка.

При этом Банковский депозитный сертификат не может выступать предметом залога в период приостановления обращения Банковских депозитных сертификатов в соответствии с нормативными правовыми актами уполномоченного органа.

Дата прекращения залога не может быть установлена в дату либо позднее даты прекращения обращения Банковских депозитных сертификатов.

Банк не осуществляет регистрацию прекращения залога при отсутствии соответствующего ранее зарегистрированного возникновения залога.

При составлении выписки по лицевому счету залогодателя на определенную дату в нее также включается информация об обременении.

17. Приостановление и возобновление регистрации сделок и совершения иных операций по лицевому счету осуществляется на основании решений государственных органов и иных лиц, обладающих правом принятия таких решений в соответствии с законодательством Республики Казахстан в день их поступления в Банк. Банк не уведомляет Держателя о приостановлении или возобновлении регистрации сделок по лицевому счету.

18. Лицевой счет Держателя подлежит закрытию по любому из следующих оснований:

- 1) в день списания банковского депозитного сертификата по данному счету;
- 2) в иных случаях, предусмотренных законодательством Республики Казахстан.

19. Бухгалтерский учет банковских депозитных сертификатов осуществляется в соответствии с законодательством Республики Казахстан и внутренними документами Банка.

4. Порядок присвоения идентификационных номеров банковским депозитным сертификатам

20. В целях внутрибанковской идентификации и систематизации учета банковских депозитных сертификатов Банк присваивает банковским депозитным сертификатам идентификационные номера в виде порядковых цифровых кодов. Порядковый цифровой код банковским депозитным сертификатам присваивается в системе UFO, интегрированной с

автоматизированной системой Банка.

5. Минимальный и максимальный размер номинальной стоимости банковского депозитного сертификата

21. Минимальный и максимальный размер номинальной стоимости банковского депозитного сертификата определяется Комитетом по управлению активами и пассивами в пределах, установленных Тарифной политикой Банка. Номинальная стоимость банковского депозитного сертификата должна быть кратной 1000 (одна тысяча) тенге. Количество выпускаемых на одного Клиента Банковских депозитных сертификатов не ограничено.

6. Минимальный и максимальный срок обращения банковского депозитного сертификата

22. Срок обращения банковского депозитного сертификата определяется Комитетом по управлению активами и пассивами в пределах, установленных Тарифной политикой Банка.

7. Порядок расчета и выплаты вознаграждения по банковским депозитным сертификатам

23. Начисление вознаграждения производится ежедневно, начиная с даты выпуска банковского депозитного сертификата, в течение срока обращения, указанного в п. 22 настоящих Условий, по ставке вознаграждения, установленной Комитетом по управлению активами и пассивами в пределах, установленных Тарифной политикой Банка.

Ставка вознаграждения является фиксированной в течение срока обращения конкретного банковского депозитного сертификата. Вознаграждение выплачивается ежедневно.

Ежедневное вознаграждение рассчитывается как произведение номинальной стоимости банковского депозитного сертификата, ставки вознаграждения по банковскому депозитному сертификату, деленное на фактическое количество дней в году. Для расчета вознаграждения применяется следующая временная база: фактическое количество дней в году/фактическое количество дней месяца обращения банковского депозитного сертификата.

По письменному заявлению Держателя Банк может принять решение об увеличении ставки вознаграждения в пределах установленных Комитетом по управлению активами и пассивами в пределах, установленных Тарифной политикой Банка, в случае если на дату принятия Банком решения совокупный объем стоимости всех банковских депозитных сертификатов Держателя будет равен или превышать 250 000 000 (двести пятьдесят миллионов) тенге. Изменение ставки вознаграждения в соответствии с настоящим абзацем оформляется письменным соглашением между Банком и Держателем. Указанные в настоящем абзаце условия не распространяются на лиц, связанных с Банком особыми отношениями.

24. Выплата вознаграждения и номинальной стоимости по банковскому депозитному сертификату осуществляется Банком путем перечисления денег на Текущий счет/ Дебетную карту (если списание суммы номинальной стоимости при покупке было произведено со счета, привязанного к Дебетной карте) Держателя в Банке, с учетом условий, предусмотренных в п. 12 Условий.

25. В случае выкупа банковского депозитного сертификата Банком у Держателя начисленное и уже выплаченное вознаграждение по банковскому депозитному сертификату не удерживается.

26. В случае досрочного погашения банковского депозитного сертификата до истечения срока его обращения по требованию Держателя вознаграждение не выплачивается, а выплаченное Банком вознаграждение по данному банковскому депозитному сертификату удерживается из его номинальной стоимости.

При досрочном погашении банковского депозитного сертификата удержание суммы выплаченного Банком вознаграждения производится в полном объеме, в том числе в случаях

перехода прав по банковскому депозитному сертификату в течение срока обращения банковского депозитного сертификата.

27. Актуальные ставки вознаграждения по банковским депозитным сертификатам публикуются на интернет-ресурсе Банка и поддерживаются в актуальном состоянии с указанием даты внесения изменений, номера внутреннего документа и органа Банка, принявшего соответствующее решение.

8. Условия и порядок выплаты номинальной стоимости банковского депозитного сертификата

28. Списание банковского депозитного сертификата с лицевого счета по истечении срока обращения производится Банком в день окончания срока обращения банковского депозитного сертификата.

Не позднее 1 (одного) рабочего дня, следующего за днем окончания срока обращения Банк производит выплату номинальной стоимости с начисленным вознаграждением, определенным в п. 23 настоящих Условий, путем перевода денег на Текущий счет Держателя /Дебетную карточку (если списание суммы номинальной стоимости при покупке было произведено со счета, привязанного к Дебетной карточке).

29. С момента перечисления суммы денег в размере номинальной стоимости банковского депозитного сертификата и начисленного вознаграждения по истечении срока обращения на Текущий счет/Дебетную карточку Держателя, обязательства Банка считаются исполненными.

30. При погашении банковского депозитного сертификата, в том числе при досрочном погашении, а также при выкупе банковского депозитного сертификата Банком у Держателя подача приказов не требуется.

31. Для досрочного погашения банковского депозитного сертификата до истечения срока его обращения Держатель обращается в Банк с заявлением по форме, установленной Приложением 5 к Условиям. В случае обращения Держателя с требованием досрочного погашения банковского депозитного сертификата до истечения срока его обращения, а также при наступлении условий, предусмотренных в последнем абзаце п. 12 Главы 3 Условий, Банк производит выплату номинальной стоимости банковского депозитного сертификата за вычетом выплаченного Банком вознаграждения по банковскому депозитному сертификату на Текущий счет/ Дебетную карточку (если списание суммы номинальной стоимости при покупке было произведено со счета, привязанного к Дебетной карточке) Держателя на 31 (тридцать первый) календарный день с даты обращения Держателя.

32. Частичная выплата номинальной стоимости банковского депозитного сертификата не допускается.

Обязательства Банка по возврату суммы денег в размере номинальной стоимости банковского депозитного сертификата при досрочном погашении банковского депозитного сертификата считаются исполненными с момента перечисления суммы денег в размере номинальной стоимости банковского депозитного сертификата, с учетом положений настоящих Условий, на Текущий счет/ Дебетную карточку Держателя.

33. Банк осуществляет выкуп банковских депозитных сертификатов у Держателей по их собственной инициативе в любое время в течение срока обращения банковских депозитных сертификатов. При осуществлении выкупа банковского депозитного сертификата Банк производит выплату номинальной стоимости банковского депозитного сертификата и начисленного вознаграждения путем перевода денег в безналичной форме на Текущий счет / Дебетную карточку Держателя, открытый / открытую в Банке, в день обращения Держателя. Частичный выкуп Банком банковского депозитного сертификата у Держателя не предусмотрен. В случае наличия обременения на банковский депозитный сертификат его выкуп Банком у Держателя не предусмотрен.

9. Порядок и условия выплаты неустойки

34. В случае несвоевременного погашения депозитных сертификатов и (или) несвоевременной выплаты вознаграждения по депозитным сертификатам Банк выплачивает Держателю неустойку в размере 0,1% от невыплаченной суммы за каждый день, но не более 5% от неоплаченной суммы. Неустойка выплачивается путем ее перечисления на Текущий счет/ Дебетную карточку Держателя.

10. Перечень работников Банка, уполномоченных подписывать Договор

35. Члены Правления, Главный бухгалтер, директора филиалов, Главные бухгалтеры филиалов, Руководители направлений продаж, Управляющие отделениями, менеджеры поразвитию бизнеса, Начальник Управления по работе с юридическими и физическими лицами Департамента банковских операций, начальник отдела фронт-офиса департамента банковских операций, супервайзеры.

11. Иные условия, связанные с выпуском банковских депозитных сертификатов

36. Банк при выпуске и обслуживании банковского депозитного сертификата осуществляет реализацию мер внутреннего контроля, установленных законодательством Республики Казахстан, в сфере противодействия легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма в соответствии с требованиями соответствующих внутренних документов Банка.

37. Информация, а также документы, полученные в результате установления деловых отношений с Держателем (в том числе, копия документа, удостоверяющего личность Держателя, Договор, приказы, пр.) вносятся в досье Держателя, формируемое Банком.

38. В случае внесения соответствующих изменений в законодательство Республики Казахстан, Банк вправе в одностороннем порядке изменить порядок погашения банковских депозитных сертификатов, при условии, если такие изменения не влекут ухудшение положения Держателей, а также не исключают надлежащее исполнение Банком своих обязательств, предусмотренных Договором.

39. Персональные данные Держателя, полученные Банком при открытии Текущего счета Клиентом/Держателем в Банке, используются Банком при выпуске и обслуживании банковских депозитных сертификатов, в т.ч. для регистрации сделок. В случае изменения персональных данных Клиента/Держателя обновление персональных данных осуществляется в соответствии с внутренними документами Банка.

40. Условия вступают в силу с момента утверждения Советом директоров Банка. Условия, действовавшие при выпуске банковского депозитного сертификата, сохраняются неизменными на весь срок его обращения.

41. Условия выпуска и ставки вознаграждения по банковским депозитным сертификатам для лиц, связанных с Банком особыми отношениями, применяются исключительно на типовых условиях в соответствии с действующими тарифами Банка и не подлежат индивидуальному изменению.

42. На рассмотрение и утверждение Совета директоров Банка подлежат:

- изменение условий выпуска банковских депозитных сертификатов;
- изменение типовых форм договоров;
- установление ставок вознаграждения, превышающих утверждённые Советом директоров предельные значения.

12. Список приложений

7. Приложение 1 (Приказ на регистрацию зачисления/списания банковского депозитного сертификата в АО "Home Credit Bank" (ДБ АО "ForteBank") в рамках передачи прав по банковскому депозитному сертификату);

8. Приложение 2 (Выписка с лицевого счета);

9. Приложение 3 (Приказ на регистрацию залога прав по банковским депозитным сертификатам);

10. Приложение 4 (Заявление на досрочное погашение банковского депозитного сертификата);

11. Приложение 5 (Заявление на досрочный выкуп банковского депозитного сертификата);

12. Приложение 6 (Заявление на изменение выплаты вознаграждения по банковскому депозитному сертификату).